



## Тынысбек ҚОҢЫРАТБАЙ,

филология ғылымының докторы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, фольклортанушы, этнограф:

# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕСІГІН АЛҒАШ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ РЕТІНДЕ АШТЫ

– Тынысбек аға, Әлкей Марғұланның жан-жақты ғалым екені белгілі. Ол зерттемеген сала кемде-кем. Дегенмен, сіз Марғұланды ең алдымен қай саланың ғалымы ретінде танысыз?  
– Әлкей Марғұлан қазақ ғылымының есігін алғаш фольклортанушы ретінде ашты. Оның бұл саладағы іргелі зерттеуі қазақ халқының эпикалық мұрасына арналды. Бертін келе ойшыл тарихи-археологиялық мәселелерге ойысып, этникалық тарихымызды зерттеу ісіне де елеулі үлес қосты.  
Ә.Марғұлан – М.Әуезовтен кейінгі қазақ ғалымдарының пірі. Оны Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев т.б. өздеріне ұстаз тұтқан. Әртүрлі кезеңдерде аталған ғалымдардың еңбектеріне бағыт-бағдар беріп, қамқорлық жасаған да Әлкей Марғұлан болатын.

Солар арқылы оларды нендей мәселелердің толғандырғанын аңғаруға болады. Мысалы, қазақ эпосынан докторлық диссертация қорғаған Ә.Марғұлан бертін келе фольклорлық танымды қиял ретінде көріп, аса мойындай қоймаған. Оған ғұламаның өз еңбектері де, Қорқыт жырлары, Баршын есіміне қатысты пікірлері де куә. Ғалымның фольклортанушы бола тұра тарих, археология салаларына бет бұруының сырын оның хаттарынан тани аламыз. Бір ерекшелігі, ғалымдар бір-біріне жолдаған хаттарын араб қарпінде жазған. Оның өзіндік сыры бар болуы керек. Асылында, ежелгі мұраларға келгенде «есерсоқтық» танытып отырған кеңестік жүйе тұсында өздерінің асыл қазынамызға қатысты ойларын бүркемелеудің амалына көбірек ұқсайды. Жазбалардың кей тұстарында ғалымдардың жа-

қайта оралған. Ә.Марғұлан «аударманы түпнұсқадан жасау керек» десе, Ә.Қоңыратбаев: «Алдымен қолымызда барды жариялап алсақ қайтеді?» – деген. Ә.Қоңыратбаев осы бағытта нақты жұмыстар жүргізіп, 1975 жылы «Қорқыт ата» кітабын аударған, мерзімді баспасөз беттерінде оған қатысты мақалалар да жариялап тұрған. Осы мәселелерге орай Ә.Марғұлан мынадай сыни мазмұндағы хатын жолдапты:

### ӘУЕЛБЕК!

Өзіңе, үйіңе көп сәлем. Бұл хатты сенің газетке жазған мақалаларың туралы еске түсіру ретінде жазып отырмын. Осы күнгі қазақ ойшылдарының ішінде сен, әрине, көп білетін, көпке көз салып бақылап жүретін кісінің бірісің. Бұл – өте керек, табылмайтын қасиет. Сонымен бірге саған көңілімнің суып қалатын кезі де болады. Өйткені сенің көп нәрсені жазып отырып, кейде тарихи шындықты ұмытып кететін кездерің болады. Тұңғыық ойшыл кісіге жырақ кету жақсы қасиет болып табылмайды. Барлық кеменгер адамдардың ойларын оқып отырсаң, оларда тасу, артық айту болмаған. Олар болған нәрсені өзінің сол болмысы қалпында ешбір бояусыз, асырып айтусыз, нақтылы түрін сипаттап беретін болған.

Сенің жазуларыңдағы екінші бір ерекшелік – бұрын алдеқашан айттылып қойған ойларды, тарихи шындықты еске алмайсың. Оны кейбір ғалымдар секілді көп бояуға салып, қазақ фольклорының тәртібімен айтасың. Дурысын алғанда, бұрынғы ойшылдар жазуындағы тарих былай тұрсын, поэзияның өзі де қиял емес, зор шындыққа сүйенген. Байрон, Пушкин, Лермонтовтың ақындық сюжеттерінде фантазиядан елесте жоқ. Олар өздерінің жырларын бір ғана болған істен алып, соны көркем сөзбен айтып жеткізген.

Қорқыт жырындағы қала, кісі, география – қиял да, фольклор да емес. Олардың тарихи орта ғасырларда зерттелген. Осыны ескерерсің.

Сәлеммен Әлкей.  
1973 жыл, Алматы.

Ә.Марғұлан 1904, Ә.Қоңыратбаев 1905 жылы дүниеге келген. Сондықтан да Ә.Қоңыратбаев замандас ұстазының ой-пікірлеріне үнемі құлақ түріп, ақыл-кеңес сұрап отырған. Бұл тұста атап өтерлік бір мәселе – Ә.Марғұланның фольклорлық (көркем) танымды емес, тарихи танымды жақтауы.

– Досы Әлкей Марғұланның хатына қалай жауап қайтарған?  
– Ә.Марғұланның осы талабына сәйкес Ә.Қоңыратбаев былайша жауап хатын жолдаған:

### АРДАҚТЫ ҰСТАЗЫМ ӘЛЕКЕ!

Өзіңізге, кейуана тілектес жеңгемізге, балаларға шын жүректен сәлем.

Қорқыт (Баршынкент) жайындағы менің мақалама қатысты пікір айтыпсыз. Балки, ол дурыс та болар. Бірақ мен де қазақ эпосын қазақ тарихына негіздеуге күш салып жүрген жанмын. Баршынкент (Қызқала) Сығанақ пен Жент арасында деген деректен хабардармын. Оны Жамал Қарши, Рузбехандар айтқан. Тарихшылар оны Сырдың оң жағында деген, бірақ бұл тұста мен бір кездегі ұстазым В.Бартольд сөзіне сүйенген едім...

Әуелбек. 14.05.1973 жыл.

Хаттарынан байқағанымыздай, екі ғалымды да толғандырып отырғаны – қазақ тарихының өзекті мәселелері. Екеуі екі түрлі деректерге жүгініп, өз ойларын ортаға салған. Ә.Марғұлан – Рузбехани, Қарши, Ә.Қоңыратбаев – В.Бартольд жазбаларына табан тірегенімен, ойлары мен мақсаттары бір жерден шығып жатады.

Сондай-ақ Ә.Қоңыратбаев 1973 жылы жазған осы хатында «Мұхтар Әуезов – екінші Абай, яғни ойшыл, ал Әлкей Марғұлан – қазақтың екінші Шоқаны, яғни көрнекті ғалымы» деген пікір сабақтаған екен.

Академик Ә.Марғұлан әр жылдары профессор Ә.Қоңыратбаевтың кандидаттық (1946), докторлық (1971) диссертацияларына ресми сарапшы (оппонент) ретінде пікір айтып, оң бағасын беріп отырған.

Сұхбаттасқан  
Марғұла ШАППИЯ

www.nurxodan.com



Түркітанушы ғалым Әуелбек Қоңыратбаевпен

Т.Қоңыратбайдың мұрағатынан

– Әлкей Марғұлан мен түркітанушы ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың достық, шығармашылық байланыстары жөнінде айтып берсеңіз.  
– Ғұламамен ұзақ жылдар бойы (1946-1986 жж.) тығыз ғылыми-шығармашылық байланыста және сырлас, пікірлес болған ғалымдардың бірі – Әуелбек Қоңыратбаев. Оның жеке мұрағатында Ә.Марғұланның рецензиялары мен хаттары сақталған.

зуларын түсіну елеулі қиындықтар тудырғанымен, ғылыми ой-толғаныстардың негізгі нобайы бүгінгі жазуымызға түсірілді.  
Ә.Марғұланның Ә.Қоңыратбаевқа жазған алғашқы хатын 1969 жылы жазыпты.  
1947 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық басылымының 2-томына арнап жазған «Қорқыт жырлары» атты мақаласын бастыра алмаған Ә.Қоңыратбаев бұл тақырыпқа кейін